

9 Тақырып. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің жауапкершілігі

- ▶ Кәсіпкерлер жауапкершілігінің мәні, түрлері және пайда болу шарттары
- ▶ Кәсіпкерлердің әкімшілік жауапкершілігі
- ▶ Кәсіпкерлердің қылмыстық жауапкершілігі
- ▶ Кәсіпкерлердің өз міндеттемелерін қамтамасыз ету шарттары мен тәсілдері

1. Кәсіпкерлер жауапкершілігінің мәні, түрлері және пайда болу шарттары

- ▶ Кәсіпкерлердің жауапкершілігі деп мемлекеттің, қызметкерлердің, клиенттердің, шаруашылық жүргізу субъектілерінің құқықтарын бұзуға, орындалмаған (келесімшарттық) міндеттемелерді қалпына келтіруге бағытталған белгілі бір іс-әрекеттерді жасау қажеттілігін, міндетін түсінеді.

- ▶ Келесі шарттарды дұрыс орындамау немесе мүлдем орындамау жағдайында және заңмен белгіленген міндеттер мен міндеттемелер орындалмаған кезде жауапкершілік пайда болады.

Кәсіпкерлік – құқықтық жауапкершілік мынадай функцияларды орындайды:

- ▶ **Превентивтік функция.** Ол кәсіпкерлік қызметке қатысушылар тарапынан болашақ ;санкцияларды қолдану қаупінің пайда болғанын ескертеді;

- ▶ Конпенсациялық функциясы. Ол заңды бұзушы – кәсіпкерлік қызмет субъектісінен зардап шегуші қатысушының пайдасына ақшалай соманы өндіріп алумен байланысты болып келеді және оның жоғалтуларының орнын толтыру, сондай-ақ бұзылу орны алғанға дейінгі бұрынғы жағдайды қалпына келтіру мақсатын көздейді.
- ▶ Айыпшұлдық (репрессивті) функция. Мұнда ықпал етудің қарастырылған шаралары кәсіпкерлік сферасында заң бұзушылықтардың орын алуына жол берген тұлғалар үшін жазалаудың өзіндік нысаны ретінде көрініс табылады.

**Зандық жауапкершілік түрлерінің
жіктелуіне қатысты әртүрлі тәсілдер бар.
Олардың қатарына мынадай жіктемелерді
жатқызуға болады:**

- ▶ 1. Қолданудың негізгі мақсатына байланысты: жазалаушы және орын толтырушы (айыппұлдық) жауапкершілік;
- ▶ 2. Құқық бұзушылықтың түрлері мен қолданылатын санкциялардың сипатына байланысты: азаматтық-құқықтық, қылмыстық , әкімшілік, тәртіптік, материялдық)мүліктік) жауапкершілік;

- ▶ 3. Санкцияларды қолдану тәртібі бойынша: соттық және әкімшілік жауапкершілік;
- ▶ 4. Құқық бұзу субъектісі бойынша: дербес және ұжымдық жауапкершілік;
- ▶ 5. Жауапкершіліктің туындау және оны іске асыру тәсілі бойынша: құқық бұзу фактісі салдарынан заңнан тікелей туындайтын жауапкершілік және құқық бұзу туралы істі мемлекеттік органдардың тексеруы кезінде заң негізінде туындайтын жауапкершілік.

Заңдық жауапкершілік түрлерінің ішінен негізгі (басты) және қосымша (екінші дәрежелі) жауапкершіліктерді бөліп көрсетуге болады.

Жауапкершіліктің салалық және мамандырылған түрлеріне бөлінуі негізгі жауапкершілікке жатқызылса, жауапкершіліктің дербес және ұжымдық түрлерге бөлінуі т.б. қосымша жауапкершілікке жатқызылады.

- ▶ ҚР-ның « Жеке – кәсіпкерлік» туралы заңында жауапкершіліктің негізгі екі түрі қарастырылған: 1) мемлекеттік бақылауды және лицензиялауды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың жауапкершілігі; 2) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің (соның ішінде дара кәсіпкерлердің) жауапкершілігі.

**Мемлекеттік органдар мен ондағы
лауазымды тұлғалары мынадай
жағдайдарда ҚР заңдарымен белгіленген
жауапкершілікте болады:**

- ▶ 1. жеке кәсіпкерлік субъектісі туралы ақпаратты таратқаны үшін (жеке кәсіпкерлік субъектісінің келісімінсіз ақпаратты тарату нәтижесінде келтірілген зиянның орны толтырылуы тиіс);
- ▶ 2. жеке кәсіпкерлік қызметіне заңсыз кедергі жасайтын кез келген іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін;

- ▶ 3. Жеке кәсіпкерлік субъектісіне тексеру жүргізудің белгіленген тәртібін бұзған жағдайда (тексеруді негізсіз тағайындау, акті шығармай және он құқықтық статистика органында тіркемей тексеру жүргізу, құжаттарды заңсыз алып қою, материалдық құндылықтарды заңсыз түгендеу, өндірісті тоқтата тұру, артық анықтамалар толтыру, негізсіз сұрау салуларды талап ету және өзге де жағдайларда).

Жеке кәсіпкерлік субъектілері келесілер үшін жауапкершілікте болады:

- ▶ 1. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін;
- ▶ 2. Қазақстан Республикасының жосықсыз бәсеке, демпингке қарсы шаралар туралы заңнамасын бұзғаны үшін;
- ▶ 3. Қазақстан Республикасының тауарлар импарты кезінде ішкі рынокты қорғау шаралары туралы заңнамасын бұзғаны үшін.

2. Кәсіпкерлердің әкімшілік жауапкершілігі

- ▶ Қазіргі кезде кәсіпкерлік сферасындағы заңдық жауапкершілік түрлерінің қатарына әкімшілік жауапкершілікті жатқызуға болады. Әкімшілік құқық- бұзушылық (азаматтардың өмірі мен денсаулығына, мемлекеттік немесе қоғамдық меншікке қол сұғуды көздейтін заңға қайшы әрекеттер) жасалған кезде, әкімшілік жауапкершілік туындайды. Әкімшілік жауапкершіліктің іс-шаралары заң бұзушыға моральдық және материалдық ықпал етуді қамтиды

- ▶ Қазақстан Республикасының « Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінде «Кәсіпкерлік қызмет саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық» деп аталатын арнайы тарау (14 – тарау) бар, онда кәсіпкерлік сферасындағы әкімшілік құқық бұзушылықтың 39 құрамы бар. Атап айтқанда Мысалы, 140 – бап. « Шикізатті, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге әкету немесе жіберу ережелерін бұзу»; 143 бап. «Заңсыз кәсіпкерлік»; 143-2 бап. «Заңсыз банктік қызмет»; 144-1- бап. «Көрінеу жалған жарнама»; және тағы басқалар.

- ▶ Мысалы, 143 – бапта сәйкес, заңсыз кәсіпкелікпен айналысқан жағдайда жеке тұлғаларға, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға- келтірілген зиян сомасының, алынған табыс сомасының және заңсыз кәсіпкерлік нәтижесінде алынған акцизделетін тауарлар құнының отыз пайыз мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға ету пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салу, белгіленген адамның осындай қызметпен айналысуы. Екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Қадағалау және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарың, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының дара кәсіпкерлердің, заңды тұлғалардың қызметіне заңсыз араласуы- айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Әкімшілік жауапкершілікті сипаттау кезінде оған тән келесідей ерекшеліктерді атап көрсетуге болады:

- ▶ 1. Әкімшілік жауапкершілік қоғамдық қауіпсіздіктің жоғары дәрежесіне жатқызылмайтын құқық бұзушылық үшін қолданылады;
- ▶ 2. Әкімшілік құқық бойынша жауапкершілік әрқашан жеке немесе заңды тұлғаның заңға қайшы әрекетінің (әрекетсіздігінің) нәтижесі білдіреді;

- ▶ 3. Әкімшілік жауапкершілік жеке – құқықтық мүддердегі емес, жалпы мемлекеттік сферадағы құқық бұзушылық салдарынан туындайды.
- ▶ 4. Әкімшілік жауапкершілік оперативті сипатта болады;

- ▶ 5. Әртүрлі уәкілетті мемлекеттік органдар арқылы (олардың лауазымды тұлғалары арқылы) қолданылады;
- ▶ 6. Әкімшілік заңнама нормаларына сәйкес туындайды және превентивті сипатта болады (яғни, айтарлықтай қауіпті әрекет- қылмыс жасауды ескертеді).

3. Кәсіпкерлердің қылмыстық жауапкершілігі

- ▶ Кәсіпкерлік қызмет туралы заңнаманың тиімділігін арттырудың ерекше тәсілі қылмыстық жауапкершілік болып табылады. Қылмыстық жауапкершілік мемлекеттік мәжбүрлеумен байланысты қарастырылады және ықпал етудің ең қатал шарасы ретінде қабылданады. Қылмыс деп қылмыстық кодекс бойынша жазалау мүмкіндігімен тыйым салынған, қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздікті айтамыз.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарға арналған арнайы тарау (ерекше бөлімнің 7 тарауы) бар. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды екі топқа бөлуге болады:

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын бұзатын, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларымен жасалатын қылмыстар;

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілерімен жасалатын қылмыстар.

- Бірінші топтағы қылмыстарға келесілер кіреді: «Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау»: дара кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерін шектеу, дербестігін шектеу не оның қызметіне өзге де заңсыз араласу, -үш жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз айлық есептіккөрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салына отырып, бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

- ▶ - « Коммерциялық немесе банктік кұпияны кұрайтын мәліметтерді заңсыз алу мен жария ету» Жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не алтын айға дейінгі мерзімге қамауға, не бір ылға дейінгі мерзімге ас бостандығынан айыруға жазалады.

Қылмыстардың екінші тобын келесілер құрайды:

- ▶ 190 –бап «Заңсыз кәсіпкерлік»
- ▶ 191- бап. «Заңсыз банктік қызмет»
- ▶ 192 – бап. «Жалған кәсіпкерлік»
- ▶ 192-1-бап. «Жеке кәсіпкерлік субъектісінің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз мәміле (мәмілелер) жасасуы»
- ▶ 193 – бап. «Заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын немесе өзге мүлікті «
- ▶ 194 – бап. «Несиені заңсыз алу және мақсатсыз пайдалану»
- ▶ 196– бап. « Монополистік қызмет»
- ▶ 202 – бап. «Экономикалық бағалы қағаздар шығару тәртібін бұзу»
- ▶ 206 - бап. «Жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау немесе сату» және тағы басқалар.

4. Кәсіпкерлердің өз міндеттемелерін қамтамасыз ету шарттары мен тәсілдері

- ▶ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес (268 – бап) міндеттеме деп бір адам (борышқор) басқа адамның (несие берушінің) пайдасына мүлік беру, жұмыс орындау, ақша төлеу және т.б. сияқты белгілі бір әрекеттер жасау, не болмаса белілі бір әрекет жасаудан тартыну міндеттілігін айтамыз.
- ▶ Міндеттемелер төменде берілген азаматтық құқықтар мен міндеттерден, зиян келтіруден немесе өзге де негіздерден туындайды.

Азаматтық құқықтар мен міндеттер:

- ▶ 1. Заңдарда көзделген шарттар мен өзге де мәмілелерден, сондай-ақ заңдарда көзделмегенімен, оларға қайшы келмейтін мәмілелерден;
- ▶ 2. Заңдарға сәйкес азаматтық- құқықтық жағдайларды туғызатын әкімшілік құжаттардан;
- ▶ 3. Азаматтық құқықтар мен міндеттер белгілеген сот шешімінен;
- ▶ 4. Заң құжаттарында тыйым салынбаған негіздер бойынша мүлікті жасау немесе иемдеу нәтижесінде;
- ▶ 5. Өнертабыстар, өнеркәсіптік үлгілер, ғылым, әдебиет пен өнер шығармаларын және интеллектуалдық қызметтің өзге де нәтижелерін жасау нәтижесінде;

- ▶ 6. Басқа жаққа зиян келтіру салдарына, сол сияқты басқа жақ есебінен мүлікті негізсіз сатып алу немесе жинау (нгізсіз баю) салдарынан;
- ▶ 7. Азаматтар мен заңды тұлғалардың өзге де әрекеттері салдарынан;
- ▶ 8. Заңдар азаматтық- құқықтық жағдайлар басталуын байланыстыратын оқиғалар салдарынан пайда болады.



Міндеттемені орындау келісідей әдістер арқылы қамтамасыз етіледі:

- ▶ Айып төлету.
- ▶ Кепіл.
- ▶ Борышқордың мүлкін алып қалу.
- ▶ Кепілдік.
- ▶ Кепілпұл.
- ▶ Кепілдік жарна.
- ▶ Заңмен немесе келісімшартпен қарастырылған басқа да әдістер.

Міндеттеме мынадай жағдайларда толық немесе ішінара тоқтатылады:

- ▶ Міндеттеме тиісті дәрежеде орындалса;
- ▶ Талаптан бас тарту төлемі төленсе;
- ▶ Борышты есепке жатқызылса, жаңғыртылса;
- ▶ Борышты кешіру арқылы борышқор мен несие беруші бір тұлға болса;
- ▶ Орындауға мүмкіндік болмаса;
- ▶ Мемлекеттік органның құжаты шығарылса;
- ▶ Азамат қайтыс болса;
- ▶ Заңды тұлға таратылса.

